

«Үздік педагог – 2024» республикалық байқауының

ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты: Педагогтердің қоғамда оң имиджінің қалыптасуына, ұстаз мәртебесінің артуына, білім беру саласына тәуелсіз сараптама жасап, үздіктерін анықтап, оларды көтермелеу бағытында **қоғамдық сектордың маңыздылығы** зор. Мемлекет басшысы айқындап берген мақсат-міндеттерді орындап, **қоғамда педагог мәртебесін көтеру**, білім саласында өз жұмысын адал, сапалы әрі жауаптылықпен орындайтын білікті мамандарды ынталандырып, өзге әріптестеріне үлгі ету.

Байқауға құжаттар қабылдау мерзімі:

29.05.2024, сағат 22.00-ге дейін. (Астана уақытымен).

Құжаттары дұрыс рәсімделмеген және белгіленген уақыттан кешіккен қатысушылардың өтініштері қаралмайды.

Барлық құжаттар ped-kogam@mail.ru электронды почтасына жіберіледі.

Байқауға қатысу - тегін.

Байқауға кімдер қатыса алады?:

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметкерлері, балабақша тәрбиешілері, жалпы білім беру мекемелерінің мұғалімдері, ОАОО және ЖОО-ның оқытушылары, жас педагогтер, ардагер ұстаздар. Конкурса қатысушының педагогикалық еңбек өтілі **5 жылдан жоғары** болуы керек.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарға қандай марапат беріледі:

Байқау жеңімпаздарына арнайы номинация бойынша дипломдар табысталады. Сонымен қатар «Ұстаз» ордені, «Үздік педагог», «Б.Алтынсарин», «Үздік жас педагог» төсбелгісі **қоғамдық наградаларымен** марапатталады.

Байқауға төмендегідей жолдармен қатысуға болады:

1. **Өзін-өзі ұсыну арқылы;** Жеңімпаздар ашық конкурстық жүйе бойынша анықталатын болғандықтан Қазақстан Республикасы шеңберінде қызмет жасайтын кез-келген педагог конкурса өзін ұсыну арқылы қатыса алады.
2. **Қызмет жасайтын мекеме басшылығының немесе ұжымның ұсынысы арқылы;**
3. **Мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымдардың ұсынысы арқылы.**

Байқау шарттары: (Барлық құжаттардың үлгісі қосымша тіркелді.)

1. Байқауға қатысу үшін **Өтініш** жазасыз. Өтініш қолмен жазылады және оны сканерлеп немесе фотоға түсіріп жібересіз. (Үлгісі тіркелді).
2. Үлгідегі **«Конкурстық кестені»** толтыру қажет. Әр пункт бойынша ақпараттарды тізбектеп жазасыздар. Егер де белгілі бір пункт бойынша ақпарат болмаса, бос қалдырып кетесіз. (Үлгісі тіркелді. Электронды нұсқада жібересіз)
3. **Төмендегі 2 тапсырманың біреуін орындайсыз:**
«Педагогтің бір күндік өмірі» тақырыбында **бейнеролик** түсіру. Көлемі 3-10 минут шеңберінде болуы шарт. Еркін стильде.
НЕМЕСЕ «Қоғамдағы педагог мәртебесі» тақырыбында **эссе** жазасыз. Көлемі 2-3 беттен аспауы шарт. Microsoft Word нұсқада, Шрифт 14.
Бейнеролик үшін: 15 балл беріледі. Эссе үшін: 10 балл беріледі.
4. Жетістіктерін растайтын **портфолионың электронды нұсқасы**. (Слайд, word түрінде немесе арнайы папкаға жинақтап, архивтелген нұсқасын жібересіз). *Еңбек өтілі 30 жылдан асқан педагогтер портфолио жіберуден босатылады, тек жоғарыдағы үш шартты орындаса жеткілікті.*

Байқау жеңімпаздары қалай анықталады?:

Байқау жеңімпаздарын арнайы жасақталған конкурстық комиссия мүшелері және ҚПРҚ-ның «ардагер ұстаздар кеңесі» анықтайды.

Конкурсқа құжаттар қабылдау 29 мамыр сағат 22.00-де тоқтатылады.

Конкурстық комиссия жұмысы 30 мамыр сағат 9.00-ден бастап, 20.00-ге дейін 2 секция бойынша жүргізіледі.

Іріктеу кезеңінің баллдық жүйесі: Бейнероликтің сценарий, мазмұны, тақырыпты ашуы, монтажы, креативтілігі және т.б. – 15 балл, Эссенің мазмұны, тақырыпты ашуы, өзектілігі және т.б. – 10балл, кәсіби жетістіктері – 5 балл, ғылыми-әдістемелік бағыттағы жұмыс – 5 балл, қоғамдық-мәдени бағыттағы жұмыс – 5 балл, еңбек өтілі(тәжірибе) – 10 балл, оқушылар жетістіктері – 10 балл. «Үздік педагог», «Ы.Алтынсарин», «Ұстаз» наградасы үшін шекті балл – 30, «Үздік жас педагог» номинациясы үшін – 25.

Конкурс қорытындысы бойынша анықталған байқау жеңімпаздарына марапаттарын әзірлеу, ұйымдастыру жұмыстарына **қосымша жарна тағайындалуы мүмкін**(қосымша хабарланады).

Байқау қорытындысы: Іріктеу комиссиясының қорытынды хаттамасы **31 мамыр сағат 12.00-де** жарияланады. (Конкурстың қорытынды хаттамасын жариялау уақыты өзгеруі мүмкін).

Награда статусы(зандылығы): Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы N 3 «Қоғамдық бірлестік туралы» Заңының 5, 12 және 19 баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтарының кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандырып, үздіктерін анықтап, оларды ынталандыру мақсатында Педагогтар Қоғамының Жарғысы негізінде білім беру саласының қызметкерлеріне қоғамдық наградалар тағайындалады. Марапат иегерлері ашық конкурстық жүйе бойынша, арнайы жасақталған комиссия шешімімен

анықталады. Конкурса Қазақстан Республикасында қызмет ететін кез-келген педагог қатыса алады. Марапаттар қоғамдық награда заңды статусына ие.

Сұрақтар бойынша:

Телефон: 8(771)131-09-05 + whatsapp осы нөмірде.

Электронды почта: ped-kogam@mail.ru

Веб-сайт: www.ped-kogam.kz

Үлгілер:

«Үздік педагог -2024»
республикалық байқауының
ұйымдастыру комитетіне

Өтініш

Мен, Амандықов Серік Балтабайұлы Қостанай облысы, Қостанай қаласы №000 мектеп-лицейінің математика пәні мұғалімі Қазақстан Республикасы Педагогтар Қоғамының ұйымдастыруымен білім саласының үздік қызметкерлерін анықтап, оларды ынталандыру мақсатында өткізіліп жатқан «Үздік педагог - 2024» республикалық байқауына ұсынған құжаттарымды қабылдауыңызды сұраймын.

Күні

Өтініш берушінің қолы.

Үлгі: Конкурстық кесте (Толтыру міндетті):

Аты-жөні (төлқұжат бойынша)	
Мекен-жайы (облыс, қала, аудан)	
Қызметі	
Педагогикалық еңбек өтілі (еңбек кітапшасының бірінші және соңғы бетінің суретін кестенің ішіне саласыз немесе қосымша тіркесеңіз болады)	
Академиялық/ғылыми дәрежесі (болған жағдайда)	
Мемлекеттік және қоғамдық наградалары (болған жағдайда)	
Қатысушының кәсіби жетістіктері (педагогика саласында, соңғы 5 жылдағы)	
Ғылыми-әдістемелік бағыттағы жұмыстары (ғылыми еңбектері,	

әдістемелік құралдары, басылымдарда жарияланған мақалалары және т.б.)	
Оқушыларының жетістіктері	
Қатысушының қоғамдық-саяси, мәдени бағытта атқарған жұмыстары мен жетістіктері(болған жағдайда)	
Байланыс нөмірі, эл.почта.	

